

СТИЛИСТИКАНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТТАР

Қазіргі таңда стилистика ғылымының қоғамдық-әлеуметтік, функционалдық-коммуникативтік қызметі күшейіп, негізгі теориялық әрі практикалық мәні артып, қолданыс аясы кеңейе түсуде. Сонау ХХ ғасырда тіл білімі дамуындағы ғылыми бетбұрыс – стилистика ғылымының да қарқынды дамуына әсер етіп, әсіресе тілдің функционалды аспектісі жан-жақты зерттеуге алынып, оның функционалды стилистика деген дәстүрлі бағыты пайда болды. Оған әлемдік тіл біліміндегі, орыс тілі ғылымындағы зерттеулер, ғылыми таным-тұжырымдар негіз болған деген болжамдар айтылуда. В.Матезиус бастаған чех ғалымдары әдеби тілдің функционалдық сипатын зерттеуге ерекше көңіл аударды. Орыс стилистика ғылымында В.В.Виноградов жаңа бір кезеңнің тарихи бастамасы болды деп айтуға негіз бар. В.В.Виноградовтың еңбектерінде тілдік-функционалдық концепция басым бағыт болса, оның теориялық базасы тілдің қатысымдық жағдайдағы қызмет ету ерекшеліктерін зерттеуге негізделеді. Қазақ стилистикасын зерттеушілер тіл білімінің бұл саласына қатысты өз ой-пікірлерін айтып, бірқатар теориялық ізденістерге барып, жаңаша тұрғыдан зерттеулер жүргізуде. Демек, ғылыми жаңаруды басынан кешіріп отырған, ғылымның жаңа бағыт-бағдарларына сүйенетін – стилистика ғылымында да жаңа бетбұрыс, көптеген білім салаларымен тығыз байланысты даму өрдісі байқалады.

Стилистика тілдің көркем, бейнелі амал-тәсілдерін зерттейтін ғылым саласы болғандықтан, өзге тіл білімі пәндерінің арасынан айрықша орын алады. Белгілі бір тілдегі тілдік бірліктердің құрамы мен категорияларына, олардың өзара байланыстары мен арақатынастарына талдау жүргізетін, яғни тілде «нелер барын» зерттейтін пәндерден стилистиканың айырмашылығы – ойды жеткізуде сол тілдің тілдік бірліктері мен категориялары қалай, қандай жағдаяттарда пайдаланылады деген сауалға жауап беруінде. Стилистика қолданыстағы тілдің қызмет ету мәселелерін қарастырады. Бұл оның басты назарында болады және оның тіл білімі салалары арасындағы дербес ғылым ретінде танылуының мәні мен мағынасы да осында.

Стилистика ғылымы өте күрделі сала, оның кейбір салаларын (түрлерін) дербес ғылыми пән тұрғысынан анықтауда түрлі көзқарастардың болуы да табиғи құбылыс екендігі белгілі.

Қазіргі қазақ тіл ғылымында стилистиканың дәстүрлі қалыптасқан басты төрт саласы (бағыты) бар:

1. Тіл (ресурстар) стилистикасы немесе құрылымдық стилистика: фоностилистика; лексика-фразеологиялық стилистика; грамматикалық стилистика.
2. Функционалды стилистика (қолданыстық стилистика): Ауызекі сөйлеу стилі; Ресми стиль; Публицистикалық стиль; Ғылыми стиль; Көркем әдебиет стилі.
3. Көркем әдебиет стилистикасы.
4. Практикалық стилистика.

Бұл салалық ғылымдардың әрқайсысының атқаратын нақты міндеттері, өзіндік ұғым-категориялары бар.

Стилистика ғылымы аясының кеңеюіне, жаңа бағыттарының пайда болуына танымдық бағдарларға негізделген ғылыми ілімдердің дамуы ықпал етуде (сөйлеу актілерінің теориясы, прагмалингвистика, коммуникативтік лингвистика, антропоэзектік парадигма, мәтін лингвистикасы т.т.). Соған орай қазіргі тіл білімінде стилистиканың даму бағыттарының бірнеше түрі айқындалып, ғылыми тұрғыдан негізделіп, жүйелі зерттеле бастады. Олардың қатарына ортостилистика, мәтін стилистикасы, прагмастилистика, экспрессивтік стилистика,

тарихи стилистика, салыстырмалы-салғастырмалы стилистика, кодтау стилистикасы, декодтау стилистикасы жатады.

Тың бағыттағы зерттеулердің сипатына қарай стилистика түрлерін осылайша айқындау, мәнді ерекшеліктерін көрсету, ол жайындағы ғылыми ой-тұжырым, болжамдарды теориялық түрде саралау – бүгінгі ғылым-білімнің абыройлы міндеті.

Адамның эмоциясын жеткізудегі тілдің экспрессивтік қызметі ғалымдардың назарын көптен бері аударып келеді. Стилистиканың ғылым ретінде дамуына түрткі болған В.Гумбольдт, К.Фосслер зерттеулері дүниеге келген заманнан бері бұл бағытта көптеген еңбектер жазылды. Сол кезеңдегі тілдің эстетикалық табиғатын оның экспрессивтік қызметімен тығыз байланыста қараған тұжырымдар бүгінде дамытылып, стилистиканың экспрессивтік стилистика саласының арнайы қарастыратын мәселелеріне айналды.

Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналуына қазіргі қоғамдағы жеке тұлғаны тануға деген ерекше ықыластың, осыған байланысты қоғамдық ғылымдардың дамуындағы жаңа гуманитарлық парадигманың қалыптасуы да ықпал етіп отыр. Бұл бағыттағы ғылыми-теориялық зерттеулер мен талдаулар психоллингвистика, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, этнопсихология, жеке тұлғаның лингвопсихологиясы, лингвокогнитивтік психология, лингвомәдениеттану мәселелерін анықтауға қажетті ақпараттарды береді. Экспрессивтік стилистиканы ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің перспективасы тілдегі дара стиль категориясын, көркем шығарма тілін, функционалды стилистика, стилистикалық ресурстар, ортология, сөз мәдениеті, т.б. мәселелерді әр қырынан және тереңірек зерттеуге ықпал етеді [1].

Соны ізденістердің қатарында стилистика ғылыми пәнін жан-жақты зерттеп, терең игеруде оны прагматикалық аспектіде қарастырудың да қажеттілігіне, маңыздылығына айрықша мән берілуде. Бұл жөнінде ғалым Д.Әлкебаева: „...прагматиканың «іс-әрекеті мен бітім, болмысын» айтушы мен тыңдаушының қарым-қатынасы арқылы тану стилистиканың жаңа бағытының пайда болуына негіз бола алады. Прагмастилистика - стилистика ғылымының жаңа бағыты. Кез келген айтылым адресаттарға (қабылдаушыларға) ақпарат берумен қатар, оның қабылдауына ықпал ететін тілдік бірліктерді таңдайды және оның реакциясын тудырады. Прагматика адамның белгілі жағдайда қандай мақсатпен сөйлеп тұрғанын қоса қарастырады. Адресант пен адресат арасындағы қарым-қатынас аясындағы тілдік бірліктердің ықпал ету және әсер ету мақсатынан пайда болған туынды мәтін прагмастилистика деп аталады» [2] - дей келіп, стилистиканың жаңа бағытын сипаттай отырып, өзіндік ерекшелігін анықтайды.

Тарихы көне дәуірден бастау алған, өз қоғамына қызмет етіп отырған, мемлекеттік мәртебесін алған тіліміздің тарихын тану, функционалды стильдердің әр дәуірде біреуінің ерте, біреуінің кеш даму сатысын бастан кешіргенін жүйелеу стильдің тарихи категория екенін толық дәлелдейді. Қазақ әдеби тілінің тарихымен байланысты М.Балақаев, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаев, С.Исаев, т.б. ғалымдардың еңбектерінде әдеби тілдің дәстүрлі нормаларының, ұлттық әдеби тілдің стильдік салалары мен тармақтарының, жанрларының зерттелуі; Б.Әбілқасымовтың еңбектерінде қазіргі әдеби тіл нормаларының ескі қазақ жазба тілімен салыстырыла қарастырылуы; Р.Сыздық, К.Өмірәлиев, Е.Жұбановтың әдеби тіл тарихын ауызша сөз өнерімен, әсіресе ақын-жыраулар поэзиясының сөзүлгілерімен байланысты қарайтын зерттеулері сөз мәдениетінің нормативті-функционалдық аспектісін эмпирикалық, теориялық материалдармен байыта түсті [3,5].

Стилистика тіл дамуының өткен кезеңдеріндегі ұжымдық тілдік норманы да, стиль түрлерінің қалыптасу жолдарын да зерттейді. Ол тек қандай да бір стильдің

немесе тіл бірлігінің стильдік бояуының өзгеруін анықтауға тырысып қана қоймай, ең алдымен сол стилистикалық жүйенің тарихын, тілдің әр алуан стильдерінің пайда болуы мен дамуын, олардың өзара тарихи қарым-қатынастағы байланысын зерттейді.

Ғылыми бағыттар ішінен ғалымдар диахрониялық тұрғыдан белгілі бір тарихи кезеңдегі стильдердің дамуын зерттейтін тарихи стилистика мен түрлі жүйеге жататын тілдердегі стильдердің арақатынастарын зерттейтін салғастырмалы стилистиканы бөліп қарастырады.

Көрнекті ғалым Г.О.Винокур «Тіл тарихының міндеттері» деген мақаласында стилистиканы нақты бір тілдің тарихын зерттейтін пәндер кешенінің қатарына қосу керектігін айтқан болатын. Тілдің құрылымын зерттейтін фонетика, грамматика, лексикология сияқты пәндерден айырмашылығы стилистика тілдің қолдануын зерттейтін пән болуында. Сондықтан нақты бір тілдің тарихын сипаттау «өзінің мәңгілік қалыптасуындағы тіл механизмінің бейнесін» ғана емес, қауымның осы механизмдерді түрлі мақсаттары үшін пайдалануына көмектесетін әдіс-тәсілдерді қамтығанда ғана толық әрі жан-жақты болады деп пайымдайды [4].

Тарихи стилистиканың шешімін табуды қажет ететін негізгі мәселесі лингвистикалық стилистиканың тарихи тұрғыдан жіті қарастырылмауынан туындайтын тәрізді. Бұл өте күрделі мәселе, өйткені тіл стилистикасы тіл тарихының өзге салалары сияқты тіл бірліктерін зерттейді, бірақ оны өзгеше көзқарас тұрғысынан қарастырады. К.А.Долининнің пікірінше, ол тіл бірліктерінің инварианттық стилистикалық мағыналарын анықтайды [5,55].

Тілді пайдаланудың түрлі әдістерінің өзіндік тарихы болады және дыбыстардың, грамматикалық формалардың, лексиканың даму өрдісі тәрізді оның да қызмет ету аясы кеңейіп, өзгеріп отырады. Тілді пайдаланудың амал-әдістері тілдің тарихи стилистика пәнін қалыптастырады. Мұндай жағдайда зерттеушінің міндеті сөйлеушінің тілдік амалдарды таңдауына талдау жасау және коммуникация өрдісі қайткенде аса тиімді және коммуникативтік жағдаятқа адекватты болатынын анықтау болып табылады.

Тілдің тарихи стилистикасының тағы бір маңызды мәселесі, біздің ойымызша, норма ұғымымен байланысты. Кез келген тілдік фактіні нормативті қолдану хабардың жеке тұлғаға, сөйлеушінің интенциясы мен коммуникативтік актінің жағдайына байланысты қалай өзгертетінін бақылауға мүмкіндік беретін бағыт-бағдар ретінде қызмет етеді. Нормативті қолдану бағалауыштық пайымдауды да, экспрессивті реакцияны да тудырмайтын нақты түсінікпен сипатталады.

Тарихи стилистика, біздің пайымдауымызша, біріншіден, бір стилистикалық амал-тәсілдер жүйесінің өзге тілдермен ортақтығын немесе ауысуын тұтастай алып қарастыруды, екіншіден, стильдер мен жанрлардың тарихын, үшіншіден тарихи поэтиканы, төртіншіден, мәтін стилистикасын статикалық және динамикалық тұрғысынан қарастыруды қамтуы керек.

Қатысымдық әрекеттегі қатынасушылардың қызметіне қарай М.Серғалиев, Д.Әлкебаева сынды ғалымдар стилистиканың тың бағыттарының қатарына автор мен қабылдаушының арасындағы кодтау және декодтау стилистикасы да жататындығын айтады. Ғалымдардың пайымдауынша, кодтау стилистикасы – тілді айтушы не жазушының стилистикасы. Бұл туынды авторының шығармашылық стиліне баса көңіл аударуды қажет етеді. Ал декодтау стилистикасы – қабылдаушының (тыңдарманның, оқырманның) стилистикасы. Декодтау стилистикасы мәтінді түсіндірудің теориялық базасы болып табылады. Шығарманың контексіндегі коннотациялық мағынаға баса назар аудару, тілдік бірліктердің көркемдік ерекшелігін көрсету мәселесі т.б. қарастырылады.

Сөйтіп, стилистиканы ғылым саласы ретінде қалыптастыруда В.В.Виноградов бастаған бірқатар зерттеушілердің ғылыми таным-тұжырымдары негіз болды.

Өткен ғасырдың 60-жылдарында іргесі қаланған лингвистикалық стилистиканың қазіргі таңда қызмет ету аясы кеңейіп, өзіндік ұғым-категориялары айқындалып, жаңаша бағытта қарастырылып отырғандығы – тіл білімі дамуының заңды нәтижесі. Қазіргі таңда стилистиканың қолданыс аясы біртұтас күрделі нысандарды зерттеуге, оның түрлері мен жаңа бағыттарының қалыптасуына үлкен ықпал етуде.

Әдебиеттер:

1. Қоянбекова С. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері: ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. автореф-ты. –Алматы, 2008.
2. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматилистикасы (Оқу құралы). –Алматы, 2007.
3. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. автореф-ты. –Алматы, 2007.
4. Винокур Г.О. О задачах истории языка.// Звегинцев В.А. История языкознания XIX-XX веков в очерках и извлечениях. Ч.2. – М.: Учпедгиз, 1960.
5. Долинин К.А. Стилистика французского языка. – Л.: Просвещение, 1978.